

«Алматы қаласын дамыту орталығы»
АҚ Директорлар кеңесінің
2024 жылғы 19 маусымдағы
шешіміне №5 қосымша
№3 хаттама

**«Алматы қаласын дамыту орталығы» АҚ-ның
Орнықты даму саясаты**

Алматы қ.

МАЗМҰНЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
2. ҚОҒАМНЫҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.....	6
3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ ҚАҒИДАТТАРЫ.....	7
4. МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ	8
5. ЭКОНОМИКАНЫҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУЫНА ЖӘРДЕМДЕСУ	11
6. МЕНШІКТІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРДІ БАСҚАРУ	12
7. ҚОҒАМНЫҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ.....	13
8. ОСЫ САЯСАТТЫ ІСКЕ АСЫРУ ТЕТІКТЕРІ.....	16
9. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ АҚПАРАТТЫ АШУ	19
10. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	19
ҚОСЫМШАЛАР	20

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы «Алматы қаласын дамыту орталығы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Орнықты даму саясаты (бұдан әрі – Саясат) Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Алматы қаласын дамыту орталығы» акционерлік қоғамының Жарғысына, Қоғамның Корпоративтік басқару кодексіне және Қоғам қызметін реттейтін өзге де ішкі құжаттарға сәйкес, сондай-ақ БҰҰ-ның Жаһандық шартының талаптарын, БҰҰ-ның Жауапты инвестициялау қағидаттарын, АА 1000 Стандарттар сериясы, ISO 26000:2010 «Әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі нұсқаулық» Халықаралық стандартын және Жаһандық есептілік жөніндегі бастаманың орнықты даму саласындағы есептілік стандарттарын (GRI стандарттары) ескере отыра, әзірленді.

1.2. Осы Саясаттың мақсаты – орнықты даму саласындағы басқару жүйесін енгізу, бұл орнықты даму қағидаттарын дәйекті және үзіліссіз ұстануға, мүдделі тараптармен тиімді өзара іс-қимыл жүйесін құруға, Қоғамның орнықты даму саласындағы стандарттарға бейілділігін растауға, сондай-ақ мүдделі тараптардың мүдделерінің теңгерімін сақтай отырып, Қоғамның түйінді көрсеткіштерін жақсартудың ұзақ мерзімді тұрақты трендін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Саясат Қоғамның орнықты даму саласындағы қызметін жетілдіруге арналған негізгі құжат болып табылады.

1.3. Осы Саясаттың міндеттері:

1) орнықты даму саласындағы Қоғам қызметінің қағидаттары мен бағыттарын, соның ішінде мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың тиімді және ашық жүйесін құру бөлігінде айқындау;

2) орнықты даму қағидаттарын іске асыруға жауапты Қоғамның әрбір органының және барлық қызметкерлерінің рөлдерін, өкілеттіктері мен жауапкершілігін бекіту;

3) орнықты даму мен Қоғамның негізгі процестері арасындағы өзара байланысты айқындау.

1.4. Орнықты даму саласындағы міндеттерді шешу кезінде Қоғам орнықты даму саласындағы халықаралық стандарттарда бекітілген халықаралық мінез-құлық нормалары мен қағидаттарын басшылыққа алады.

1.5. Орнықты даму саласындағы халықаралық стандарттарды пайдалану Қоғам үшін өзінің қызметін үздік халықаралық практикаға сәйкестендірудің және орнықты даму саласындағы мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізудің қажетті шарты болып табылады.

1.6. Осы Саясаттың ережелері Қоғамның барлық қызметкерлері үшін, соның ішінде мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл мәселелеріне қатысты, өз қызметін

жоспарлау және жүзеге асыру, ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу, ақпарат тарату және коммуникацияның басқа да түрлерін жүзеге асыру кезінде міндетті түрде сақталуға тиіс.

1.7. Осы құжатта келесі негізгі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

БҰҰ-ның Жаһандық шарты – бұл орнықты даму саласындағы ең ірі халықаралық бастама, оның мақсаты адам құқықтары, еңбек қатынастары, қоршаған ортаны қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы он негізгі қағидатты іскерлік қауымдастық қызметіне енгізу болып табылады.

Мүдделі тарап (стейкхолдер) – Қоғам мен оның қызметіне ықпал ететін және/немесе Қоғам тарапынан ықпалға ұшырайтын жеке және заңды тұлғалар немесе тұлғалар топтары (мысалы, қызметкерлер, клиенттер, контрагенттер және т.б.).

Мүдделі тараптар (стейкхолдерлер) картасы – Қоғамның айналасындағы ақпаратты жүйелеуге және көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік беретін құрал, ол әрбір стейкхолдермен жұмыс істеу стратегиясын әзірлеу мақсатында қолданылады.

Тапсырыс беруші – басқарушылық шешімдерді қабылдау тиімділігін арттыру мақсатында озық тәжірибелерді ескере отырып, тұрақты әлеуметтік-экономикалық даму жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу қызметтерін сатып алатын заңды тұлға.

Контрагенттер – шарт бойынша белгілі бір міндеттемелерді өзіне алған жеке немесе заңды тұлғалар (мысалы, жеткізушілер, серіктестер).

«Жасыл кеңсе» тұжырымдамасы – қызметкерлердің экологиялық саналылық деңгейін арттыруға бағытталған техникалық және ынталандыру-білім беру шараларын қамтитын кешенді тәсіл.

ISO 26000:2010 «Әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі нұсқаулық» халықаралық стандарты – әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын, негізгі тақырыптар мен мәселелерді, сондай-ақ әлеуметтік жауапты мінез-құлықты ұйымның стратегиясына, жүйесіне, тәжірибесіне және процестеріне біріктіру тәсілдерін айқындайтын стандарт.

Жалғыз акционер – «Алматы қаласының Экономика басқармасы» ММ.

Менеджмент – Басқарма төрағасы мен мүшелері, сондай-ақ Басқарма мүшелері болып табылмайтын, Қоғамның Басқарушы директорлары.

Сақтылық қағидаты – бұл қағидат қоршаған ортаның жай-күйінің нашарлауын болдырмау бойынша тиімді шаралар қабылдауды, сондай-ақ экологиялық апаттардың алдын алуға бағытталған алдын алу әрекеттерін, олардың толық ғылыми негіздемесі болмаса да, қабылдауды көздейді.

AA1000 стандарттар сериясы – AccountAbility институты (Әлеуметтік және этикалық есептілік институты) әзірлеген қаржылық емес есептілікті басқару және оның сапасын қамтамасыз етуге арналған құралдар мен стандарттар жиынтығы. AA1000 стандарттар сериясына мыналар кіреді:

- Accountability AA1000 (AA1000APS) қағидаттар стандарты;
- AA1000 (AA1000AS) верификациялау стандарты;
- AA1000 (AA1000SES) мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл стандарты.

Жаһандық есептілік жөніндегі бастаманың орнықты даму саласындағы есептілік стандарттары (GRI стандарттары) – барлық ұйымдарға қолданылатын, есептілікті дайындау қағидаттары мен талаптарын, ақпаратты ашудың жалпы элементтерін және менеджменттің көзқарасы туралы мәліметтерді қамтитын 3 әмбебап стандарттан, сондай-ақ экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тақырыптар бойынша ақпаратты ашуға арналған стандарттар сериясын қамтитын 33 тақырыптық стандарттан тұратын стандарттар жиынтығы.

Алматы қаласының 2025 жылға дейінгі Даму бағдарламасы және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективалар – Алматы қаласының дамуына қатысты сарапшылардың кәсіби пікірін, сондай-ақ қала тұрғындарының ұсыныстары мен өтініштерін ескере отырып, қаланың қысқа және орта мерзімді перспективадағы дамуын көздейтін көзқарасты білдіреді. Даму бағдарламасы Алматы қаласы әкімдігінің адамның мүддесіне негізделген қағидатты ұстануға ұмтылысын және осыған негізделген көзқарасты көрсетеді – бастамаларды қалалық халықтың, қоғамдық топтар мен қауымдастықтардың өміріне әсер етуі призмасынан бағалау арқылы, сондай-ақ қала тұрғындарын қаланы басқару процестеріне белсенді қатыстыруға бағытталған.

Орнықты даму – бұл Қоғам өз қызметінің қоршаған ортаға, экономикаға және қоғамға тигізетін әсерін басқаратын, сондай-ақ мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау талабын ескере отырып шешімдер қабылдайтын даму түрі. Орнықты даму қазіргі ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыра отырып, болашақ ұрпақтардың да өз қажеттіліктерін өтеу мүмкіндігінен айырмауы тиіс.

ESG факторлары – халықаралық қауымдастық мойындаған стандарттарға негізделген, экологиялық тиімділік пен қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік бағдар және адал ниетті корпоративтік басқару қағидаттарының кешені.

БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттары – кедейлікті жоюға, ғаламшар ресурстарын сақтауға және баршаға әл-ауқатты қамтамасыз етуге бағытталған, 2030 жылға дейінгі кезеңге орнықты даму саласындағы күн тәртібі аясында қабылданған 17 мақсат пен 169 міндет.

1.8. Осы құжатта келесі қысқартулар қолданылады:

- 1) КБК – Корпоративтік басқару кодексі
- 2) ҚТК – Қызметтің түйінді көрсеткіштері
- 3) БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы
- 4) ESG – Environmental, Social and Governance
- 5) GRI – Global Reporting Initiative

2. Қоғамның орнықты даму саласындағы мақсаттары мен міндеттері

2.1. Қоғамның орнықты дамуы - бұл Қоғам өз қызметін жүзеге асыру кезінде басшылыққа алатын қағидаттар мен міндеттемелердің жиынтығы, соның ішінде келесі бөлікте:

мүдделі тараптармен қарым-қатынастарды басқару;

Алматы қаласының экономикасына, әлеуметтік салаға және экологияға әсерін бағалау және басқару.

2.2. Қоғам ұзақ мерзімді кезеңдегі орнықты даму үшін өзінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттарының келісілуін қамтамасыз етеді.

2.3. Қоғамның орнықты дамуының экономикалық құрамдас бөлігі мынадай мақсаттарды қамтиды:

- 1) ұзақ мерзімді құнның өсуі;
- 2) Қоғам қызметінің шығынсыздығы;
- 3) акционерлер мен инвесторлардың мүдделерін қамтамасыз ету;
- 4) процестердің тиімділігін арттыру;
- 5) неғұрлым жетілдірілген технологияларды салуға және дамытуға инвестициялардың өсуі;
- 6) еңбек өнімділігін арттыру.

2.4. Қоғамның орнықты дамуының экологиялық құрамдас бөлігі мынадай мақсаттарды қамтиды:

- 1) биологиялық және физикалық табиғи жүйелерге әсерді барынша азайту;
- 2) шектеулі ресурстарды оңтайлы пайдалану;
- 3) экологиялық, энергия және материалдарды үнемдейтін технологияларды қолдану;
- 4) экологиялық тұрғыдан қолайлы өнімдерді жасау;
- 5) қалдықтарды барынша азайту және қайта өңдеу.

2.5. Қоғамның орнықты дамуының әлеуметтік құрамдас бөлігі мынадай мақсаттарды қамтиды:

- 1) конкурстың ашық рәсімдерін және жұмысқа жалдау кезінде тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету;

- 2) әділ сыйақы және қызметкерлердің құқықтарын сақтау;
- 3) еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қызметкерлердің денсаулығын сақтау;
- 4) персоналды жеке дамыту;
- 5) персоналға арналған әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру;
- 6) институционалдық жадыны қамтитын құнды кадрларды ұстап қалу үшін қажетті жағдайлар жасау;
- 7) жаңа жұмыс орындарын құру;
- 8) демеушілік және қайырымдылық;
- 9) экологиялық және білім беру акцияларын өткізу.

2.6. Қоғамның орнықты даму саласындағы міндеттері:

- 1) орнықты даму қағидаттарын Қоғам қызметіне интеграциялау;
- 2) орнықты дамудың үш құрамдас бөлігі тұрғысында қызметке талдау жүргізу және тәуекелдерді бақылау;
- 3) жүйелі жұмысты ұйымдастыру есебінен орнықты дамуды басқару сапасын арттыру;
- 4) Қоғамның мүдделі тараптармен тиімді өзара іс-қимыл механизмдерін құру, оның ішінде орнықты даму саласындағы қызмет нәтижелері туралы тұрақты түрде ақпарат ұсынуды қамту.

3. Орнықты даму қағидаттары

3.1. Қоғам өз қызметі аясында орнықты дамудың келесі қағидаттарын басшылыққа алады: ашықтық, есептілік, айқындылық, әдепті мінез-құлық, мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау, заңдылық, адам құқықтарын сақтау, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік, мүдделер қақтығысына жол бермеу, қауіпсіздік, ақпараттың қолжетімділігі мен дұрыстығы.

3.2. Қоғам сондай-ақ өз қызметінде БҰҰ-ның Жаһандық шартының қағидаттарын ұстанатынын мәлімдейді:

- 1) адам құқықтарын қорғау саласында:

Қоғам халықаралық деңгейде жарияланған адам құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді және құрметтейді;

Қоғам адам құқықтарының бұзылуына қатыспауды қамтамасыз етеді.

- 2) еңбек қатынастары саласында:

Қоғам ұжымдық шарттар жасасу құқығын қолдайды және мойындайды;

Қоғам мәжбүрлі және балалар еңбегін, еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жоюға ықпал етеді.

- 3) қоршаған ортаны қорғау саласында:

Қоғам сақтылық қағидатына негізделген экологиялық мәселелерге көзқарасты қолдайды;

Қоғам қоршаған ортаның жай-күйіне жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамаларды қолға алуда;

Қоғам экологиялық қауіпсіз технологияларды дамытуға және таратуға жәрдемдеседі.

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында:

Қоғам сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлеріне және басқа да заңсыз әрекеттерге, соның ішінде бопсалау мен парақорлыққа төзбеушілікті мәлімдейді.

4. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

4.1. Орнықты даму саясатын табысты және тиімді іске асыру үшін Қоғам мүдделі тараптармен өзара іс-қимылға тиісті назар аударуға ұмтылады.

4.2. Қоғам мүдделі тараптарды айқындау және олармен өзара іс-қимыл жасау кезінде мүдделі тараптарды анықтау және өзара іс-қимыл жөніндегі халықаралық стандарттарды пайдаланады (AA1000 стандарттар сериясы, ISO 26000 «Әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі нұсқаулық», GRI (Global Reporting Initiative)).

4.3. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл Қоғамда бекітілген Стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл саясаты мен осы Саясаттың 4.2-тармағында аталған орнықты даму қағидаттары мен стандарттарын ескере отырып жасалған Стейкхолдерлер картасына сәйкес жүзеге асырылады. Стейкхолдерлер картасы мүдделі тараптардың тізбесін, олардың ықпал ету дәрежесін және Қоғам мүдделеріне әсер ету салаларын айқындау мақсатында әзірленген.

4.4. Қоғам мүдделі тараптармен диалог пен ұзақ мерзімді ынтымақтастық орнату бойынша шараларды қабылдауды жалғастырады.

4.5. Қоғамдағы мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл келесі үш қағидатқа негізделеді:

- 1) маңыздылық. Қоғам мүдделі тараптарын, сондай-ақ олардың және Қоғамның мүдделері Қоғам үшін қаншалықты маңызды (елеулі) екенін білуге тиіс;
- 2) толықтық. Қоғам мүдделі тараптардың алаңдаушылығын түсінеді, яғни олардың көзқарастарын, қажеттіліктерін, қызмет нәтижелерінен күтілетін нәтижелерін, сондай-ақ олар үшін маңызды мәселелер бойынша пікірлерін ұғынады;
- 3) ден қою. Қоғам мүдделі тараптар мен Қоғамның өзі үшін маңызды мәселелерге жүйелі түрде ықпал етеді.

4.6. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың негізгі салалары: стратегиялық жоспарлау, қаржылық қызмет, жобаларды басқару, тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді жеткізу, операциялық қызмет, бұқаралық ақпарат құралдарымен, жұртшылықпен және сарапшы қоғамдастықпен, қаржы институттарымен, тапсырыс берушілермен өзара іс-қимыл.

4.7. Қоғам орнықты даму саласындағы қызметінің бағытын үйлестіретін, құрылымдық бөлімше айқындайтын негізгі стейкхолдерлерге жыл сайын сауалнама нысандарын жолдайтын болады, бұл олардың, соның ішінде орнықты даму мәселелеріне қатысты, стейкхолдерлердің мүдделілік дәрежесін анықтау мақсатында жүргізіледі.

4.8. Қоғамның мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды ұйымдастыру процесі барлық сатыларда Қоғам қызметін басқару процесіне мүдделі тараптардың мүдделерін ескеруді және оларды маңызды тақырыптар мен мәселелерді, ықтимал тәуекелдер мен жауапкершілік шекараларын талқылауға тартуды көздейтін қатыстылық қағидатына негізделген.

4.9. Қоғам жобаларды жоспарлау және іске асыру барысында орнықты даму қағидаттарын ескеру және қолдану мәселелері бойынша қала әкімдігінің ұйымдарымен және басқа да мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасауға ұмтылады.

4.10. Қоғам өз қызметіне мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасауға ниетті екенін көрсететін, мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жоспарын және кестесін әзірлейді. Аталған жоспар мен кесте мүдделі тараптарға ұсынылады.

4.11. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл барысында алған білімдерін пайдалана отырып, Қоғам оларды орнықты даму тұжырымдамасына сәйкес келетін стратегиялық және жедел шешімдер қабылдау үшін пайдаланады.

4.12. Мүдделі тараптармен қарым-қатынасты басқаруды ұйымдастыру мақсатында Қоғам өз қызметін келесі негізгі қағидаттарға шоғырландыруға тырысады:

- 1) барлық мүдделі тараптардың мүдделерін құрметтеу және ескеру;
- 2) нысаналы аудиторияны өз қызметі туралы белсенді ақпараттандыруға тырысу;
- 3) жекелеген ішкі рәсімдер (сатып алу, жұмысқа қабылдау бойынша кандидаттар арасында конкурстық іріктеу, қаржылық және қаржылық емес қызметтер көрсету) бөлігінде, сондай-ақ қаржы құралын пайдалануда объективтілікті, шынайылықты, тәуелсіздікті және ақпараттық ашықтықтың жоғары деңгейін қамтамасыз ету;

4) барлық мүдделі тараптармен ашық және нәтижелі ынтымақтастықты қамтамасыз ету;

5) мүдделі тараптар алдында өзіне алған міндеттемелерін орындау;

6) мүдделі тараптардан тұрақты негізде кері байланыс алу.

4.13. Жалғыз акционермен және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл кезінде:

1) Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның жарғысына және ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес қаржылық-шаруашылық қызметі туралы нақты ақпарат береді;

2) Қоғам негізгі шешімдерді тиімді қабылдауға бағытталған корпоративтік басқару қағидаттарына сәйкес Жалғыз акционердің құқықтарын жүзеге асыруға кепілдік береді;

3) Қоғам өзінің жоспарлары, жетістіктері мен проблемалары туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ құпиялылық туралы шарттар немесе келісімдер шеңберінде басқа ұйымдардан алынған құпия ақпаратты қоспағанда, Қоғамның қызметіне қатысты басқа ұйымдар жүргізген талдамалық зерттеулерді ұсынады.

4.14. Контрагенттермен өзара іс-қимыл кезінде:

1) Қоғам өзінің қаржылық жағдайы туралы жеткілікті толық және өзекті ақпарат береді;

2) Қоғам қолданыстағы заңнамада белгіленген мерзімдерде қаржылық және басқарушылық есептілікті ұсынады;

3) Қоғам жасалатын мәмілелерге қатысты шешімдер қабылдауға тікелей немесе жанама ықпал ету мүмкіндігі бар үлестес тұлғалар туралы ақпарат береді. Қоғамның үлестес тұлғалары туралы мәліметтер қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпарат болып табылмайды;

4) Қоғам өзінің әріптестері алдындағы шарттық міндеттемелерін адал орындайды;

5) Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақпараттың ашықтығына, айқындығына, тең құқықтылығына, әділдігіне, кемсітушіліктің және бәсекелестікке негізсіз шектеулердің болмауына кепілдік береді;

6) Қоғам Корпоративтік басқару қағидаттарын ұстанады және озық әлемдік практикаға сәйкес өзінің корпоративтік басқару жүйесін жетілдіреді..

4.15. Қызметкерлермен өзара іс-қимыл кезінде:

1) Қоғам жоғары білікті және уәжді персоналды қалыптастыруға бағытталған ашық және айқын кадр саясатын жүзеге асырады;

2) Қоғам өзінің барлық қызметкерлеріне еңбек қызметі процесінде олардың әлеуетін ашу үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді, сондай-ақ бейтараптық пен әділдік қағидаттарын ескере отырып, олардың жұмысын бағалауды жүргізеді;

3) персоналды іріктеу және мансап сатысы бойынша жоғарылату кезінде Қоғам қызметкерлердің кәсіби қасиеттері, білімі мен дағдылары негізінде шешім қабылдайтын болады;

4) тиімді коммуникациялық орта құруға және қызметкерлердің өзара іс-қимылына жәрдемдесуге қызметкерлерді тұрақты хабардар ету және ішкі порталды пайдалануды қоса алғанда, байланыс арналарын әзірлеу үшін ішкі корпоративтік көздерді белгілеу жолымен қол жеткізілетін болады. Сонымен қатар, қызметкерлердің пікірлері мен ұсыныстарын үнемі талдауға назар аударылады..

4.16. Жұртшылықпен өзара іс-қимыл кезінде:

1) Қоғам жұртшылықпен тиімді және жедел өзара іс-қимыл жасайды;

2) Қоғам өзінің жұртшылықпен байланыс арналарын белсенді пайдаланады: «Open Almaty», «Халық қатысатын бюджет» және т. б.;

3) Қоғам Қоғамға жіберілетін сауалдарға уақтылы және толық көлемде жауап бере отырып, Қоғаммен коммуникацияның барлық арналарына тұрақты негізде мониторинг жүргізеді;

4) Қоғам қала тұрғындарын жоспарлау, идеяларды қалыптастыру және қала мәселелерін шешу процесіне тартуға ұмтылады.

5) Қоғам ақпаратты ашықтық пен айқындықты қамтамасыз ету үшін, оның ішінде әзірленетін және қабылданатын стратегиялық және бағдарламалық құжаттар бойынша жұртшылықтан кері байланыс алу мақсатында тұрақты түрде ашық қолжетімділікте орналастыруға ұмтылады.

5. Экономиканың орнықты дамуына жәрдемдесу

5.1. Қоғам Алматы қаласының орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуына жәрдемдесуге ұмтылады.

5.2. Қоғам орындайтын және Алматы қаласы экономикасының орнықты дамуына ықпал ететін функциялар:

1) Алматы қаласының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын әзірлеуді сүйемелдеу және іске асырудың кейінгі мониторингі;

2) Алматы қаласының экономикалық дамуын болжау;

3) Алматы қаласының активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

4) Алматы қаласы әкімдігінің қызметін ақпараттық-талдамалық сүйемелдеу (Think Tank);

5) талдау күні (data-driven decision-making) негізінде басқарушылық шешімдердің тиімділігін арттыру;

6) мемлекеттік органдардың Алматы қаласының азаматтарымен өзара іс-қимыл тетіктерін іске асыру (Open Almaty қоғамдық қабылдау бөлмесі, халық қатысатын бюджет және басқалар);

7) Алматы қаласының түйінді көрсеткіштерінің мониторингі жүйесіне қол жеткізуді қамтамасыз ету (Ахуалдық орталық);

8) бюджеттік инвестициялық жобалардың ТЭН-іне (техникалық-экономикалық негіздеме) және бюджеттік инвестициялардың ҚЭН-іне (қаржылық-экономикалық негіздеме), сондай-ақ жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларына экономикалық сараптама жүргізу;

9) мемлекеттік секторда жобалық менеджмент құралдарына, әдістеріне, озық тәжірибелеріне және стандарттарына негізделген жобалық басқаруға бірыңғай сәйкестендірілген тәсілді қамтамасыз ету;

10) Алматы қаласы әкімдігінің құжаттарында көзделген мақсаттар мен нәтижелерге қол жеткізу дәрежесіне жедел мониторинг пен ахуалдық талдау жүргізу арқылы басқарушылық шешімдерді уақтылы қабылдауды қамтамасыз ету, соның ішінде өзгерістерге жедел ден қою және жобаларға, міндеттер мен іс-шараларға түзетулер енгізу.

5.3. Қоғам ESG факторларын шешімдер қабылдау процесіне енгізуге және біріктіруге, оның ішінде Қоғамның контрагенттерін ESG факторларымен таныстыру арқылы ұмтылады.

6. Меншікті экологиялық әсерді басқару

6.1. Өз қызметінің сипатына байланысты Қоғам қоршаған ортаға тікелей елеулі теріс әсер етпейді. Қоғам тұтынатын негізгі ресурстар - электр энергиясы, жылу энергиясы, су, Басқарма Төрағасының қызметтік көлігі үшін сатып алынатын бензин және деректерді өңдеу орталығында (ДӨО) үздіксіз қоректендіруді қамтамасыз ететін резервтік генератор үшін сатып алынатын дизель отыны, қағаз, батареялар және т.б. шығыс материалдары (1-қосымша).

6.2. Қоғам қоршаған ортаға жағымсыз әсерлердің алдын алуды барынша қамтамасыз ететін ресурстарды ұтымды пайдалану қағидаттары мен әдістерін қолдануға ұмтылады.

6.3. Қоғам өз қызметінде ресурстардың шамадан тыс тұтынылуын қысқартуға және қолданыстағы жағымсыз экологиялық әсерді азайтуға ұмтылады. Бұл мына шаралар арқылы жүзеге асырылады:

- 1) энергия үнемдейтін технологияларды енгізу;
- 2) су тұтынуды азайту;

3) әкімшілік шығыстар лимиттерін бақылауды қамтамасыз ету, оның ішінде: телефон байланысын, қызметтік автокөліктерді, қызметкерлерді орналастыруға арналған жалға алынған алаңдарды, өкілдік шығыстарды пайдалануға қойылатын талаптарды сақтау;

4) электрондық құжат айналымы жүйесін енгізу арқылы кеңселік қажеттіліктерге қағаз шығынын азайту:

- мемлекеттік орталық және жергілікті атқарушы органдармен 100% электрондық құжат айналымын қамтамасыз ету жұмысын жалғастыру, сондай-ақ ішкі құжат айналымына толық (100%) көшу;

- Басқарма отырысының материалдарын / Басқарма Төрағасының атына қызметтік жазбаларды 100% электрондық форматқа көшіру бойынша шаралар қабылдау;

- екі жақты басып шығару, жазылған қағаздарды пайдалану және 1 бетке 2 парақ басып шығару тәжірибесін қолдану.

5) жұмысқа қабылдау кезінде жаңа қызметкерлерді кіріспе нұсқамадан өткізу, сондай-ақ «Алматы қаласын дамыту орталығы» АҚ-да жұмыс істеп жатқан қызметкерлерін еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, сондай-ақ өрт қауіпсіздігі бойынша оқыту.

7. Қоғамның орнықты дамуының әлеуметтік құрамдас бөлігі

7.1. Қоғам өзінің әлеуметтік жауапкершілігін сезіне отырып, Алматы қаласы халқының өз қызметінен барынша пайда алуын қамтамасыз ету мақсатында Қоғам қызметкерлерінің және Алматы қаласы халқының өміріне әлеуметтік жауапты қатысу бойынша ерікті міндеттемелер қабылдайды.

7.2. Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік деп Алматы қаласының тұрғындарына ғана емес, сондай-ақ Жалғыз акционер, тұтынушылар және тұтастай қоғам үшін құндылықтар жасау бойынша өз еркімен қабылданған міндеттемелерді орындау түсініледі.

7.3. Қоғам әлеуметтік жауапкершіліктің рөлін қоғамның қызметімен байланысты әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салалардың дамуына өзінің ерікті үлесі ретінде қарастырады.

7.4. Қоғам өз қызметінде мынадай әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын іске асырады:

1) есеп беру. Қоғам өз шешімдері мен қызметінің экономикаға, қоршаған ортаға және қоғамға әсері үшін, сондай-ақ болжанбаған және күтпеген жағымсыз әсерлердің туындауын болдырмау үшін қабылданатын шаралар үшін есеп береді;

2) ашықтық. Қоғам өзі жауапты болатын саясатты, шешімдерді және қызметті түсінікті, дәл және толық жеткілікті түрде ашады;

3) әдепті мінез-құлық. Қоғамның мінез-құлқы адалдық, әділдік, адал ниеттілік сияқты құндылықтарға негізделген;

4) мүдделі тараптардың мүдделерін құрметтеу. Қоғам мүдделі тараптардың мүдделерін құрметтейді, ескереді және оларға ықпал етеді;

5) заң үстемдігін сақтау. Қоғам Қазақстан Республикасының заңдары мен нормативтік актілерінің талаптарын сақтайды, сондай-ақ өзінің өзара қарым-қатынасы мен қызметінің қолданыстағы заңнамалық база талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етеді;

6) халықаралық мінез-құлық нормаларын сақтау. Қоғам заң үстемдігін сақтау қағидатын сақтай отырып, халықаралық мінез-құлық нормаларын сақтайды;

7) адам құқықтарының сақталуы. Қоғам адам құқықтарын сақтайды және олардың маңыздылығы мен бәріне ортақтығын мойындайды.

7.5. Қызметкерлер - Қоғамның басты құндылығы мен негізгі ресурсы, Қоғам қызметінің нәтижелері олардың кәсібилігі мен қауіпсіздігінің деңгейіне тікелей байланысты.

7.6. Қоғам өз қызметкерлерімен еңбек қатынастарын заңдылық қағидаты және қызметкердің жалпыға бірдей танылған еңбек құқықтарын сақтау негізінде құрады.

7.7. Өз қызметін жүзеге асыру кезінде Қоғам тең мүмкіндіктер беру қағидатын басшылыққа алады және өз қызметкерлерін жұмысқа қабылдау, еңбекақы төлеу, оқуға қолжетімділік беру, лауазымын жоғарылату, жұмыстан босату кезінде жынысы, нәсілі, тілі, жасы, діни, саяси және басқа да сенімдері, азаматтығы, ұлттық немесе әлеуметтік шығу тегі, шектеулі мүмкіндіктер сияқты негіздер бойынша кемсітуге жол бермейді.

7.8. Персоналды іріктеуге жауапты Қоғамның құрылымдық бөлімшесі ең білікті кандидаттарды тарту үшін кадрларды іздеу және іріктеу арналарының кең жиынтығын пайдаланады.

7.9. Кәсіби кадрларды одан әрі дамыту және ілгерілету мақсатында Қоғам қызметтің нәтижелілігін бағалау нәтижелері негізінде кадр резервін қалыптастырады, даму аймақтарын айқындау мақсатында кадр резервшілерін тестілеуді жүргізеді, жеке даму жоспарын әзірлейді, кадр резервін оқытуды және дамытуды жүргізеді.

7.10. Қоғамда қазіргі заманғы технологиялар мен ақпаратты басқару жүйелерін қолдана отырып, персоналды тұрақты оқыту және дамыту жүйесі жұмыс істейді.

7.11. Қоғам жұмыс барысында қызметкерлерді «жасыл кеңсе» тұжырымдамасын сақтау мақсатына оқытуды жүргізеді.

7.12. Қоғам оқытудың озық нысандарын, соның ішінде әртүрлі тақырыптары, кейстері, жеке тәжірибесі (Soft skills) бар әртүрлі қызмет салаларындағы спикерлермен семинарларды пайдаланатын болады.

7.13. Қоғам қызметкерлерін оқыту және кәсіби дамыту мынадай қағидаттарға негізделеді:

1) оқыту іс-шараларының тақырыбы мен мазмұнының қызметкердің лауазымдық міндеттеріне, оның қызметін бағалау нәтижелеріне (ҚТК картасына), қызметкердің алдына қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес айқындалған қажеттіліктерге сәйкестігі;

2) оқыту іс-шараларының Қоғам қызметінің тиімділігін арттыруды, үздік корпоративтік тәжірибелер мен стандарттарды зерделеуді қамтамасыз ететін нақты міндеттерді шешуге бағытталуы;

3) оқытудың және кәсіптік дамудың жүйелі, қолданбалы, жоспарлы сипаты;

4) Қоғам қызметкерлерінің барынша көп санын оқыту және кәсіби даму бағдарламаларымен қамту.

7.14. Қоғамдағы оқыту процесі қызметкерлердің құзыреттері бойынша жыл сайынғы бағалау негізінде құрылады.

7.15. Қоғам қызметкерлердің қанағаттануы мен қатысуы және нәтижелерді өзгертуге/жақсартуға бағытталған іс-шараларды жоспарлау бойынша сауалнамалар жүргізеді.

7.16. Қоғам қызметкерлердің тік және көлденең мансаптық өсуін қамтамасыз ету мақсатында Қоғам қызметкерлері арасында ашық бос жұмыс орындарына ішкі конкурстар жариялайды.

7.17. Қызметкерлердің еңбек өнімділігі деңгейін арттыру ҚТК мен уәждемелік шараларды қолдану тәсілімен қызметті әділ және жүйелі бағалау арқылы жүзеге асырылады.

7.18. Еңбекақы төлеудің әділдігі мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін Қоғам грейд жүйесін енгізді және қолданады. Сонымен қатар, нарықтағы және салыстырмалы салалардағы жалақыға үнемі талдау жасалады, сонымен қатар мотивациялық зерттеулер жүргізіледі.

7.19. Қоғам жұмыс орындарында қызметкерлердің еңбегін дұрыс ұйымдастыруды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды және осы саладағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауға ұмтылады.

7.20. Қоғам еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауға қатысты барлық оқиғалар мен мәселелерді оларды азайту немесе жою мақсатында құжаттайды және тексереді.

7.21. Қоғам осы саладағы қызметкерлерді оқыту мен біліктілігін арттыруды қоса алғанда, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы қызметкерлерді қажетті даярлауды ұсынады.

7.22. Қоғам сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтайды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттар мен тәжірибелерді енгізеді және қолдайды.

7.23. Қоғамның барлық деңгейлерінің басшылары өздерінің қарамағындағы қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықтың үлгісін көрсетеді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты енгізуді ұстануды, көтермелеуді және қадағалауды көрсетеді.

7.24. Қоғам сыбайлас жемқорлық және оған қарсы іс-қимыл мәселелерінде өзінің лауазымды адамдарының, қызметкерлерінің, контрагенттерінің хабардарлығын арттырады.

7.25. Қоғамда кері байланыс тетіктері жұмыс істейді, ол арқылы Қоғамның лауазымды адамдары, қызметкерлері мен контрагенттері, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар қоғамның кез келген лауазымды адамы, қызметкері, лауазымды адамы, қызметкері, контрагентінің өкілі жасаған ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер бере алады.

7.26. Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері мүдделер қақтығысынан босатылған ашық, уақтылы және барабар шешімдер қабылдауға жауапты.

8. Осы Саясатты іске асыру тетіктері

8.1. Қоғамдағы орнықты дамуды басқару Қоғам қызметін басқарудың жалпы жүйесі шеңберінде жүзеге асырылады және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

8.2. Қоғам Басқармасы орнықты дамуды басқарудың тиісті жүйесін қалыптастыруды және кейіннен енгізуді қамтамасыз етеді.

8.3. Қоғам Басқармасы орнықты даму саласындағы тиісті іс-шаралар жоспарын және олардың орындалуы туралы жыл сайынғы есепті бекітеді.

8.4. Жыл сайын, жыл қорытындысы бойынша орнықты дамуға жауапты құрылымдық бөлімше осы саладағы іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы есепті әзірлейді және Қоғам басқармасына бекітуге ұсынады.

8.5. Орнықты даму саласындағы іс-шараларды үйлестіруді орнықты даму қағидаттарын енгізуге жауапты Қоғамның құрылымдық бөлімшесі жүзеге асырады.

8.6. Қоғамның құрылымдық бөлімшелері орнықты даму саласындағы ҚТК қол жеткізуді қамтамасыз ететін орнықты даму саласындағы іс-шараларды іске асырады.

8.7. Қоғамның тиісті құрылымдық бөлімшелерінің басшылары өз құзыреттері шеңберінде орнықты даму саласындағы іс-шараларды іске асыру және ҚТК-ға қол жеткізу үшін дербес жауапты болады.

8.8. Қоғамның құрылымдық бөлімшелері орнықты даму саласындағы іс-шараларды іске асыру нәтижелері туралы ақпаратты, сондай-ақ Қоғамның орнықты даму саласындағы қызмет бағытына жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшенің сұрау салуы бойынша Қоғамның жылдық есебіне енгізу үшін ақпаратты ұсынады, қажет болған жағдайда Қоғамның осы саладағы қызметін жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізеді.

8.9. Қоғамның орнықты дамуы саласындағы қызмет бағытына жетекшілік ететін құрылымдық бөлімше мынадай функцияларды орындайтын болады:

1) орнықты даму саласындағы қызметті жоспарлауды жүзеге асырады - ішкі және сыртқы ахуалды талдау, орнықты даму саласындағы мақсаттарды, сондай-ақ нысаналы көрсеткіштерді, орнықты дамудың үш құрамдас бөлігі бойынша қызметті жақсарту және жетілдіру жөніндегі іс-шараларды, жауапты тұлғаларды, қажетті ресурстар мен орындау мерзімдерін айқындау;

2) Осы саясаттың мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге бағытталған Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіреді;

3) орнықты даму саласындағы іс-шаралар жоспарының орындалуы және ҚТК бойынша есепті дайындауды жүзеге асырады;

4) орнықты даму туралы бөлімді қоса отырып, Қоғамның жылдық есебін дайындауды жүзеге асырады;

5) қажет болған жағдайда сыртқы жаттықтырушыларды тарта отырып, Қоғамның лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің орнықты даму саласындағы біліктілігін арттыру мақсатында Қоғам қызметкерлері үшін не дербес оқыту семинарларын өткізеді;

6) орнықты даму мәселелері жөніндегі халықаралық ұйымдармен, институттармен, агенттіктермен өзара іс-қимыл жасайды.

8.10. Қоғам орнықты даму қағидаттарын жоспарлау, есеп беру, тәуекелдерді басқару, инвестициялар, операциялық қызмет және басқаларын қоса алғанда, Қоғамның негізгі процестеріне, сондай-ақ органдардан бастап (Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі, Басқарма) және қарапайым қызметкерлермен аяқталатын барлық деңгейдегі шешім қабылдау процестеріне біріктіруге ұмтылатын болады.

8.11. Қоғамда шешім қабылдау процесі келесіге негізделеді:

1) орнықты даму қағидаттарына бейілділікті Қоғамның уәкілетті органдары белгілейді;

2) шешім қабылдау процесі қаржылық, табиғи және адами ресурстарды тиімді пайдалануға бағытталған;

3) Қоғамда жынысына және нәсіліне қарамастан басшылық лауазымдарға орналасу үшін тең мүмкіндіктер қамтамасыз етілген;

4) Қоғамда мүдделі тараптармен екіжақты ақпарат алмасу тетіктері жолға қойылған, бұл өзара іс-қимылды жақсарту үшін салаларды анықтауға көмектеседі;

5) Қоғамда кезең-кезеңімен басқару процестеріне талдау және бағалау жүргізілетін болады, қажет болған жағдайда процестер түзетілетін болады, ал тиісті ақпарат барлық мүдделі тараптар арасында таратылатын болады.

8.12. Орнықты даму қағидаттарын операциялық қызметке интеграциялау:

1) тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді берушілерді таңдауды ұйымдастыруды Қоғам ашықтық негізінде және Қазақстан Республикасы заңнамасының және ішкі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес жүзеге асырады. Бұл ретте негізгі критерийлер тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді жеткізудің ең жақсы бағасы, сапасы мен шарттарының үйлесімі, сондай-ақ контрагенттің беделі болып табылады;

2) Қоғам орнықты даму мақсаттарымен келісімді арттыру үшін әріптестермен тиісті келісімшарттарға (келісімдерге, шарттарға) орнықты даму қағидаттарын енгізу мүмкіндігін қарайды.

8.13. Тәуекелдерді басқаруға орнықты даму қағидаттарын интеграциялау:

1) Қоғамның қызметі мүдделі тараптардың мүдделеріне әсер етеді және олар сынға алуы мүмкін. Мүдделі тараптардың сынын Қоғам оның беделіне теріс әсер етудің ықтимал көзі ретінде қарастырады. Қоғамның орнықты дамуымен байланысты тәуекелдің негізгі түрі - нысаналы аудиторияның Қоғам қызметіне деген сенім деңгейінің төмендеуімен байланысты беделді тәуекел;

2) беделді тәуекелді басқарудың негізгі құралдарының бірі мүдделі тараптармен тұрақты диалогты қолдау болып табылады. Бұған бұқаралық ақпарат құралдарының мониторингі, өтініштерді қарау, сауалнамалар жүргізу және мүдделі тараптардың өкілдерімен кездесулер ұйымдастыру кіреді;

3) ұзақ мерзімді перспективада Қоғамның орнықты дамуына Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында айқындалған басқа да тәуекелдер де әсер етуі мүмкін;

4) орнықты даму саласындағы тәуекелдерді бағалау үшін Қоғам оның қызметіне әсер ететін ішкі және сыртқы факторларға талдау жүргізеді;

5) Қоғам орнықты дамуға байланысты тәуекелдерді өзінің тәуекелдер тізіліміне қосады және тәуекелдерді басқару жөніндегі шараларды әзірлейді.

8.14. Қоғамның орнықты дамуын басқару жүйесі корпоративтік басқару жүйесімен тығыз байланысты.

8.15. Қоғамның ҚТК негізгі қағидаттарының бірі орнықты даму қағидаты болып табылады.

8.16. Барлық деңгейдегі барлық қызметкерлер мен лауазымды тұлғалар орнықты дамуға үлесін қосады.

9. Орнықты даму саласындағы ақпаратты ашу

9.1. Осы Саясат жалпы жұртшылық үшін ашық болып табылады және Қоғамның корпоративтік интернет-ресурсында орналастырылады.

9.2. Қоғам осы Саясатты іске асыру нәтижелерін мүдделі тараптар үшін Қоғамның корпоративтік интернет-сайтының тиісті бөлімінде, Қоғамның жылдық есебінде, сондай-ақ Ахуалдық орталықтың жаңадан құрылған «Тұрақты даму» бөлімінде тұрақты түрде жариялап отыратын болады.

9.3. Қоғамның жылдық есепті қалыптастыруға деген тәсілдері ақпаратты ашудың халықаралық стандарттарына негізделеді.

9.4. Қоғам өз корпоративтік интернет-ресурсында орнықты даму қағидаттарын ілгерілетуге арналған материалдарды, дайджесттерді, баннерлерді және т.б. дайындап, жариялайтын болады.

.

10. Қорытынды ережелер

10.1. Осы Саясат бекітілген сәттен бастап күшіне енеді.

10.2. Қоғам өз қызметінде осы Саясаттың ережелерін сақтауға ұмтылады.

10.3. Қоғам осы Саясатты заңнамадағы өзгерістерді, сондай-ақ халықаралық және ұлттық практикада тұрақты даму саласындағы жаңа стандарттардың пайда болуын ескере отырып, Жалғыз акционердің, Қоғамның және басқа да мүдделі тұлғалардың мүдделерін басшылыққа ала отырып жетілдіріп отыратын болады.

.

Қосымшалар

1-қосымша. Көміртегінің ізі бойынша деректері бар кесте.

Атауы	2023		2022		2021	
	Бірлік	CO2	Бірлік	CO2	Бірлік	CO2
Электр энергиясы	217 556,69 кВт/сағ	144 421,87 кг	217 556,69 кВт/сағ	144 421,87 кг	178 256,02 кВт/сағ	118 361,93 кг
Су	554,46 текше м	5 877,276 кг	554,46 текше м	5 877,276 кг	328,09 текше м	3 477,75 кг
Жылу энергиясы	181,82 Гкал/жыл	148 000 кг	181,82 Гкал/жыл	148 000 кг	189,65 Гкал/жыл	151 000 кг
Қызметтік автокөлікке арналған отын	4 200 л	10 038,00 кг	5 377 л	12 851,03 кг	4 071 л	9 729,69 кг
Резервтік генераторға (ДӨО) арналған отын	-	-	1 800 л	4 716 кг	1 000 л	2 620 кг
Құтыланған су (диспенсер)	900 бут.	54,88 кг	600 бут.	39,009 кг	850 бут.	51,71 кг
Қағаз	500 парақтан 569 қорап	1 320,08 кг	37 қорап (500 л/қор)	85.84 кг	-	-
Батареялар	4 данадан 80 қорап	23,168 кг	-	-	-	-